

Железинка аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы "Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 22/6 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 наурыздағы № 71/6 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 наурызда № 5418 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 486/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железинка аудандық мәслихатының 30.09.2020 № 486/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Железинка аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железинка аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы "Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 22/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5176 болып тіркелген, аудандық "Туған өлке", "Родные просторы" газеттерінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 31 жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Железинка ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

9-тармақ келесі мазмұндағы 2-4) тармақшамен толықтырылсын:

"2-4) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған тұлғалар;"

9-тармақтағы 4-1) тармақша "қызметшілердің" сөзінен кейін "бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқандардың (қайтыс болғандардың)" сөздерімен толықтырылсын;

10-тармақтағы 3) тармақшадағы алтыншы абзац келесі редакцияда мазмұндалсын:

"осы Қағидалардың 9-тармағының 7-1) тармақшасында көрсетілген санаттарға емделу және қаралу үшін бірге жүрушілердің 40 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде уәкілетті органға осы Қағидалардың 15-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар қоса берілген өтініштің негізінде, медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының, медициналық мекеме жолдамасының, тұрғаны үшін және барып келгенге дейінгі шығынды растайтын түбіртектер ұсынумен;"

10-тармақтағы 4) тармақшадағы алтыншы абзац келесі редакцияда мазмұндалсын:

"осы Қағидалардың 9-тармағының 7-4) тармақшасында көрсетілген санаттарға балаларды балабақшада ұстауға төлеу үшін әр балаға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде уәкілетті органға осы Қағидалардың 15-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар қоса берілген өтініштің, балалардың тууы туралы куәлігінің, медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының, балабақшадан анықтаманың негізінде;"

11-тармақтағы 2) тармақшадағы төртінші абзац келесі редакцияда мазмұндалсын:

"осы Қағидалардың 9-тармағының 10-7) тармақшасында көрсетілген санаттарға әр балаға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде уәкілетті органға осы Қағидалардың 15-тармағының 1), 2), 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар қоса берілген өтініштің негізінде;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Железинка аудандық мәслихатының тұрақты бюджет және әлеуметтік-экономикалық даму комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы,
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

П. Лампартер

